

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 71 (9648) 1955 жылғы 10 апрель Жексенбі Шығуына 35 жыл.  
жеке саны 20 тыйын.

## Орталық қаратопырақты емес өңірдің облыстары мен автономиялы республикаларының ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесі

7 апрельде, Москвада орталық қаратопырақты емес өңірдің облыстары мен автономиялы республикаларының ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесі жабылды.

Қорытынды мәжілісте сөйлеген СОКП Орталық Комитетінің Бірінші секретары **Н. С. Хрущев** жолдас өзінің сөзінде былай деді:

—Осы трибунадан көптеген тамаша адамдар сөз сөйледі. Олар орталық қаратопырақты емес аймақтағы колхоздар мен совхоздардың астық, картоп, зығыр, овощь, сонымен қатар сүт, ет және мал шаруашылығының басқа өнімдерін өндіруді арттыру үшін зор мүмкіндіктері бар екенін айтты. Смоленск облысынан **Желонина**, Калинин облысынан **Нилова**, Москва облысынан **Арешев**, Рязань облысынан **Ефремова** жолдасардың, Иванов облысынан **Комсомолка Яничкина** жолдас-тың, осы кеңестің қонақтары —Украина ауыл шаруашылығының озаттары **Щербина**, **Саух** жолдасардың және басқа көптеген жолдасардың сөздерін біздің бәрміз де зор ықласпен тыңдадық. Біздің елімізде егіншілік пен мал шаруашылығының ондаған және жүздеген мың осындай шеберлері бар. Бізде жақсы колхоздар мен совхоздар, тұтас аудандар аз емес. Бұлардың тәжірибесін барынша насихаттап, өндіріске енгізу керек.

Өздерінің басшылары Орталық Комитет Пленумдарының қарарларын дұрыс түсінген және колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда қызу ұйымдастыру жұмысын шындық қолға алған және облыстар жақсы нәтижелерге жетті. Рязань облысын мысалға келтіруге болады, оның колхоздары өткен жылы өр сыйырдан сүт саууды 412 килограмм арттырды. Бұл облыс быйылғы жылы да қаратопырақты емес өңірдің басқа облыстарынан гөрі анағұрлым жоғары көрсеткіштерге жетіп отыр. Мен Рязань облыстық партия комитеті дұрыс жолға түскен және оның секретары **Ларионов** жолдас шабытпен жұмыс

лаудың жаңа тәртібі туралы арнаулы қарар қабылдады. Бірақ бұл қарарлардың маңызы барлық жерде де дұрыс түсінілді деп айтуға бола ма? **Н. С. Хрущев** жолдас мұны айтуға әлі болмайтынның атап көрсетті. Көптеген облыстар мен аудандарда жоспарлаудың ескі системасына әлі де жармасып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді үстемізлегі жылдың өзінде едәуір арттырудың барлық мүмкіндіктерін пайдаланбаушылық болып отыр. СОКП Орталық Комитетіне бұл жайында мәлім болып отырған фактілер мынадай:

Сусанин ауданының Сталин атындағы колхозы **Кострома** облысындағы озат колхоздардың бірі болып табылады. Жер көлемінің 100 гектарына ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы белгілеген минимумын 1960 жылы емес, қайта одан едәуір бұрын орындау үшін колхоздың барлық мүмкіндіктері бар. Бірақ облыстық «Северная правда» газетінің 8 марттағы номерінде жарияланған колхоздың шараларында колхоздағы өндірістің жоғарыда көрсетілген дәрежесіне тек 1960 жылы ғана жету көзделген. Ол ол ма—астық, ет, сүт, жұмыртқа, жүн өндіру жөнінде жоспар тек 1960 жылға арналып жасалған! Бұл өнімдерді өндіру дәрежесіне 1955 жылы және келесі жылдарда жету көзделмеген.

Егер озат колхоз осындай жоспарлап отырса, деп атап көрсетті **Н. С. Хрущев** жолдас, онда ол орташа және артта қалушы колхоздар үшін қандай өнерге бола алады? Ал мұның өзі газетте жарияланып отырғандықтан, мұндай жоспарды жасауға облыстық ұйымдардың басшы қызметкерлері де қатысты деп ойлауға болады. Демек, олар жоспарлаудың жаңа тәртібін теріс түсініп отыр. Егер облыстық және аудандық партия комитеті секретарьларының өздері колхозда болып, колхозшылармен әңгімелесіп, олармен ақылдасып, агрономдармен, зоотехник-

жүгері тек сурленуге ғана жоспарланған.

Тула облысында да осындай мысалдар болып отыр. Тула облыстық «Коммунар» газеті 15 мартта **Ефремов** ауданындағы алдыңғы қатарлы «11- Октябрь» колхозының 1955—1960 жылдарға арналған жоспарын жариялады. Бұл жоспарда 1960 жылы жер көлемінің 100 гектарына ет, сүт, жұмыртқа және басқа өнімдер өндіру СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарарларында белгіленген мөлшерден едәуір кем мөлшерде көзделген. Ал газет осы теріс жасалған жоспарды енегелі жоспар деп насихаттап отыр!

Осындай айтуға тұрмайтын жоспарлар «Горьковская правда» газетінде және басқа кейбір облыстық газеттерде де жарияланды.

Горький және Тула облыстарының ауыл шаруашылығын өркендету үшін қолайлы жағдайлары бар, бірақ олар бұл жағдайды нашар пайдаланып отыр. Бұл облыстардың колхоздары мен совхоздары сүтті, етті және мал шаруашылығының басқа өнімдерін өте аз өндіріп, астық шаруашылығын өркендетуде, картоп пен овощь өндіруде мықтап артта қалуда. Мысалы, өткен жылы бір сыйырдан сауылған сүт Горький облысында — 1075 килограмм, Тула облысында — 1165 килограмм болды. Картоп пен овощьтан аз өнім алынды. Бұл фактілер Горький және Тула облыстық партия комитеттері тарапынан ауыл шаруашылығына басшылық ету дәрежесінің нашар екендігін көрсетіп, елеулі хауіп тудырып отыр.

—Хрущев жолдас жүгері өгісін едәуір ұлғайту міндеттеріне толық тоқталып, мұның өзі астық ресурстарын толықтыру жолындағы, ал олай болса, тіпті мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жолындағы күресте басты міндет болып табылатынын атап көрсетті. Бұл жайында СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысында өте жақсы айтылды. Солай бола тұрса да, бұл туралы тағы да қайталап айтуға тура келеді.

Орталық қаратопырақты емес өңірдің облыстары мен автономиялы республикаларының ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесі (1 бет).

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдары (1-бет).

Партия тұрмысы: **В. Скибский**.—Колхоздағы саяси үгіт. **М. Құсайынов**.—Ғылыми-атеистік тақырыптағы лекциялар көп оқылсын (2-бет).

Қазақстан дайындау ұйымдары қызметкерлерінің кеңесі (2-бет).

Үгітшілерге көмек: **С. Уақбаев**.—Совет Одағы—бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік тірегі (2-бет).

Жүгері туралы мәселе, деп көрсетті **Хрущев** жолдас, жаңа мәселе емес. **В. И. Ленин** Совет өкметінің алғашқы жылдарында-ақ елімізде астық өндіруді қысқа мерзімде арттыруға мүмкіндік беретін дақыл ретінде жүгеріге ерекше назар аударған болатын.

Партиямыздың Орталық Комитеті 1930 жылдың өзінде жүгері өгісінің көлемін 15 миллион гектарға дейін арттыру міндетін қойды. Бірақ ол кезде бұл міндет шешілмей қалды. Ал қазір біз СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы алға қойған міндеттен жалтармаймыз. Жүгері—жемдік дән ғана емес, сонымен бірге тамаша азық-түлік дақыл да.

Айта кету керек: біздің жейбір ғалымдарымыз жүгері тек оңтүстікте ғана өсетін дақыл болып табылады-мыс, оның өсетін жер аймағының көлемі өте ташы, мұның өзі еңбекті өте көп керек ететін дақыл-мыс дейтін теріс ұғымдарды таратып келді. Бұл дұрыс емес. Қазір біз жүгерінің дәнін құрғатпай, оны сүтпенің-қабырланған кезінде жыйнау дұрыс болады деп танып, жүгеріні «бұғаудан босатқан» сыяқты болып отырмыз. Осының нәтижесінде біз бұл дақылды өсіретін жерлердің шеңберін кеңейттік. Жолдасар, менің қолымда жүгерінің тінгі Якутияда да собық бергенін көрсететін документ бар!

Ғалымдар мен практиктер жүгері өсіруді қолға алатын болса, таяудағы болашақта біз Совет Одағының бүкіл территориясында өсіп, жақсы өнім беретіндей жүгері сорттарын өсіріп шығаратынымызға кәміл сенеміз. Бұл —адамның қолынан келетін іс.

**Н. С. Хрущев** жолдас сөзінің едәуір бөлегін зығыр өндіруді арттыру мәселелеріне арнады. Ол былай деп атап көрсетті: Киров, Кострома, Калинин, Калуга, Брянск, Горький, Смоленск облыстарының және қаратопырақты емес өңірдегі бірқатар басқа облыстардың зығыр өсіру

өзгертер бар, олардың көтерілмеген тыңдары бар. Көлемі миллиондаған гектар болып отырған таза парлар осындай көтерілмеген тың болып табылады. Егер, айталық, пар жыртылған жерлерге жүгері өсетін болсақ, онда біз қосымша жүздеген миллион пұт астық және көптеген сүрлем алған болар едік.

**Н. С. Хрущев** жолдас колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда басшы кадрларды дұрыс іріктеп алу мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. МТС-терге, колхоздарға және совхоздарға, деп атап көрсетті ол, шын мәнісінде ең озат, саяси жағынан өсіп жетілген, өздерін жұмыста жақсы жағынан көрсете білген жолдасар жіберілуге тиіс. **Хрущев** жолдас өткен жылы МТС-терде жұмыс істеуге кейбір лайықсыз қызметкерлерді ұсынған Москва қаласы мен Москва облысының партия ұйымдарын қатты сынады. Мұндай адамдарды кімдер ұсынғанын анықтап, айыптыларды жазалау керек, деді **Хрущев** жолдас. Өткен жылы жол берілген қателіктер қазіргі уақытта, СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің қарары бойынша колхоздардағы басшы қызметтерге алдыңғы қатарлы қызметкерлерді іріктеп алу жұмысы жүргізіліп жатқан кезде, ешбір жағдайда қайталанбауға тиіс.

Колхоздардағы басшы жұмысқа біздің қызаруымызға тура келмейтін, партияның жұмысшы табының дәрежесіне жіберген шын мәнісіндегі өкілдері болатын, партияның ауыл шаруашылығы жөніндегі қарарларын орындауға колхозшылар мен колхозшы әйелдерді ұйымдастыра алатын адамдарды ұсыну керек.

**Н. С. Хрущев** жолдас сөзінің қорытындысында ауыл шаруашылығын оған әрі өрге бастыру ісіндегі ұйымдастыру жұмысының шешуші ролі туралы айтты. Біз, деп көрсетті ол, өмірді терең зергітпей, ауылшаруашылық өндірісін зерттей

**Д. Зимин**.—МТС-тің 25 жылдығы (3-бет).

МАЛДЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ—КҮТІМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ: **К. Есенжолов**.—Кәсіпшіліктерден тиісті қорытынды шығарылуда. **Б. Жақыпов**.—Малды өсіре білген коллектив. **Т. Үдербаев**.—Ферманың озаттары. **В. Бебех**.—Бұзауларды шығынсыз өсіру үшін күресейік (3-бет).

**М. Егорова**.—Қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту жөнінде (4-бет).

Халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі азиялық елдердің конференциясы (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

**А. А. АЛЕКСЕЕВАҒА, З. ҚОЙШЫБАЕВҚА ҚАЗАҚ ССР МЕНТБІНІҢ ЕҢБЕК СІЦІРГЕН МҰҒАЛІМІ ҚҰРМЕТТІ АТАҒЫН БЕРУ ТУРАЛЫ**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Халық ағарту саласындағы еңбектері үшін Қазақ ССР мектебінің еңбек сіңірген мұғалімі құрметті атағы мыналарға берілісін:

1. **Алексеева Анна Андреевна**—Бөкшетау облысындағы Арықбалық орта мектебінің мұғалімі.
2. **Қойшыбаев Зәбірге**—Талдықорған облысындағы Киров аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Ж. ТӘШЕНОВ**.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары **Ә. ӘМРИЕВ**.

Алматы қаласы, 1 апрель, 1955 жыл.

**С. В. ЛУКИНА ЖОЛДАСТЫ ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТА СЫМЕН НАГРАДТАУ ТУРАЛЫ**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Халық ағарту саласындағы көп жылғы жемісті еңбегі үшін, туғанына 70 жыл толуына байланысты Қазақ ССР мектебінің еңбек сіңірген мұғалімі **Стефания Васильевна Лукина** Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Ж. ТӘШЕНОВ**.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары **Ә. ӘМРИЕВ**.

Алматы қаласы, 1 апрель, 1955 жыл.

### Колхоздарда жұмыс істеу үшін

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің партия, совет, шаруашылық және инженер-техник қызметкерлерінің жұмысына



тәжірибелер жапында айтпаймын, қайта орталық қаратопырақты емес аймақтың облыстары мен автономиялы республикаларының бірқатар басшыларының атына бірнеше сын ескертпелер айтпақпын.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы жыл сайын кемінде 10 миллиард пұт астық алуға қамтамасыз ету міндетін қойғаны сіздерге мәлім. Бұл — өте елеулі және жауапты міндет. Бұл міндет біздің әрқайсымыздың үнемі жадымызда болып барлық совет адамдарын алға ұмтылдырып отыруға тиіс. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін күресу — ауыл шаруашылығын өрге бастыру саласындағы біздің бүкіл жұмысымыздың басты және шешуші буыны. Кімде-кім бұл міндетті ұмытса, одан жалтарса, бірыңғай бос сөздермен тынатын болса, сол адам өмірлік маңызы зор істі тұншықтырып, мылжыңға айналдырады.

Біз астық өндіруді 10 миллиард пұтқа қалай жеткізуге керек? СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қарарлары бұл сұраққа тұжырымды жауап беріп отыр. Орталық Комитеттің январь Пленумы қарарларының күші мынада: бұл қарарлар осы бүкілхалықтық міндетті шешу жолдарын, астық өндіруді арттырудың нақты кезеңдерін, мұны атап айтқанда, бүкіл егіс көлемінде егіннің шығымдылығын арттыру, егін жыйнау кезіндегі ысырапты азайту, тың және тыңайған жерлерді игеру, жүгері егісін едәуір ұлғайту есебінен қамтамасыз етуге белатынын көрсетіп отыр.

Н. С. Хрущев жолдас бұдан кейін ауыл шаруашылығын жоспарлау практикасын қайта құрмайынша, бұл міндетті шешуге болмайтынын айтты. Егер шаруашылықтың нақты жағдайына сүйене отырып, шаруашылықты жоспарлау правосы колхоз председателіне берілмесе, онда қай жұмысты болса да істеу қиын. Колхоз председателіне — арпа өк деп жарлық берілсе, ол жарлықты бұза алмайды, арпаның гектарынан небары 5 центнер ғана өнім алынатынын біле тұрса да, бұл дақылды егу экономикалық жағынан тиімсіз екенін біле тұрса да оны егуге тиіс болады. Жоспарлаудың мұндай практикасы тұсында астықтың кем алыну себебі осы жоспардың өзінен туады. Колхоз председателі, әрине, бұған күш салып, дәл осы дақылдан барынша мол өнім алуға ұмтылады, бірақ бұл талай колхоздың астық түсімін шұғыл арттыруына мүмкіндік бермейді. Ал оның бер жағында, сол жағдайдың өзінде, егер аз өнім беретін дақылдарды неғұрлым өнімді басқа дақылдармен ауыстырса колхоз астықты бұдан анағұрлым көп жыйнайтын болады.

Орталық Комитеттің январь Пленумы жоспарлау практикасын өзгертуді қажет деп тасты. СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі 18 мартта жоспар-

лаудың жоспарды дұрыс жасауына көмектескен болар еді. Мұндай жоспар басқа колхоздар үшін де пайдалы болар еді, бұл колхоздар озат колхоздың тәжірибесін үйренер еді. Бірақ Кострома облысының басшылары жоспарлаудың жаңа тәртібі туралы қарарларды, тегі, осы уақытқа дейін шын мәнісінде түсінбесе керек, сондықтан да олар колхоздардың бұл маңызды жұмысты дұрыс жүргізуіне көмектеспей келеді.

Жалғыз бұл ғана емес, Брянск облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті колхоздардың жоспарлар жасауына нақты көмек көрсетудің орнына бұл жұмысты кеңесшілік- бюрократтық әдіспен жүргізе бастады. 18 мартта облыстық партия комитетінің секретары Петухов жолдас пен облыстық атқару комитетінің председателі Дадонов жолдас аудандарға қағаз жазып, бұл қағазда партияның Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларын жүзеге асыру жөнінде шаралар белгілеуді 25 мартқа дейін аяқтау тапсырылды. 18 мартта осындай қаһарлы директива береді де, 25 мартқа дейін барлық колхоздардан жоспарларын тапсыруды талап етеді! Бірақ мұндай қысқа мерзім ішінде бұл директиваның тіпті көптеген колхоздарға барып жетпейтіні де әрбір адамға айқын ғой. Жолдастар, сіздер өздеріңізді өздеріңіз неге алдайсыздар? Осы директиваға тіркеліп аудандарға көрсеткіштер тізбегі берілген, осы тізбек бойынша колхоздарда шаралар белгіленуге тиіс. Бұл тізбектің көлемі 10 бет және онда 2 мыңға жуық көрсеткіштер тізілген. Облыстық партия комитетінің секретары мен облыстық атқару комитеті председателінің директиваға қол қойған кезде, бұл көрсеткіштерді оқып шыққаны екі талай. Егер олар көрсеткіштерді зейін салып оқыған болса, онда мұндай бюрократтық қағазды жібермеген болар еді.

Бұдан кейін Н. С. Хрущев жолдас Киров облысының практикасынан мысал келтірді. Мұнда астық және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру шараларын белгілеген кезде елеулі қателіктерге жол берілген. Вятско-Полянск ауданының шараларында 1955 жылы небары 20 мың тонна ғана астық алу жоспарланған, ал оның бер жағында бұл ауданның колхоздары 1953 жылы 21 мың тонна астық жыйнаған болатын. Мұның өзі Орталық Комитеттің январь Пленумының қарарларынан кейін осылай белгіленіп отыр.

Астық өндіруді едәуір арттыруды талап етіп отырған бұл қарарларды жолдастардың қалай түсінгенін міне көріп отырсыздар. Буйск, Богородск, Лебяжье, Рожкин аудандарының шараларында да астық өндіруді арттыру көзделмеген. Киров облысының 10 ауданында 1955 жылы және келесі жылдары болмашы көлемде жүгері егу белгіленген. Соның өзінде

кейбір облыстық партия комитеттерінің секретарьлары да жүгерінің маңызын түсінбей, бұл дақылға астық шаруашылығының қайдағы бір шылауы деп қарай, жүгері өсіру ісін шын ықпалмен қолға алмай отыр. Іске бұлай қарау өте хауіпті. Жүгеріге мұндай тұрғыдан қарайтын облыстық комитеттің немесе аудандық комитеттің секретары, колхоз председателі, совхоз директоры астық өндіруді арттыру міндетін шешпейді, ал олай болса, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді қажетті мөлшерде арттыруды қамтамасыз етпейді.

Калинин облысы ең артта қалған облыстардың бірі екені жұртқа мәлім. Ол дөңді дақылдардан, картоптан, овоштан аз өнім алып келеді, мұнда мал шаруашылығы өте салақсытылған. Мынаны айтсақ та жеткілікті. Әрбір сыйырдан сауылған сүт өткен жылы 898 килограмм болды, ал жер көлемінің 100 гектарына шаққанда тек 29 центнер ғана сүт дайындалған және сатып алынды. Калинин облысының артта қалуы, деп көрсетті Хрущев жолдас, облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығына қанағаттанғысыз басшылық етіп отырғандығының салдары болып табылады.

Осы кеңесте СОКП Калинин облыстық комитетінің секретары Киселев жолдас сөз сөйледі. Ал ол істің жайын қалай түзетпекші, ол СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қарарларын қалай түсініп отыр?

Киселев жолдастың ойынша, бұл жағдайдан шығу жолы брикван өсіру ісін қолға алуда болып отыр. Брикван оның пікірінше, мал шаруашылығын өрге бастырады. Мұны облыстық партия комитеті секретарының өзі айттып отыр! Егер ол тіпті СОКП Орталық Комитетінің Пленумынан кейін сүт пен етті брикванның есебінен өндірімек болып отырса, ол астық және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жолындағы күреске адамдарды қалай жұмылдыра алады? Айта кетелік: Калинин облысында тамыр-жемістердің, соның ішінде брикванның да гектарынан 30-40 центнер ғана өнім алынып отыр! Кімде-кім брикванға үміт артатын болса, сол адам ескексіз қайыққа мініп, ағымы күшті ағында жүрген адамға ұқсайды. Өзен ағысы қайда апарса, ол сонда барады...

Сіз, Киселев жолдас, брикван егіп, жылына әр сыйырдан 800-900 килограмм сүт аласыз, жер көлемінің 100 гектарынан небары 47 центнер ғана сүт өндіресіз, ал осында сөз сөйлеген Москва облысы «Путь новой жизни» колхозының председателі Арешев жолдас жүгері егіп, одан дән де, сурлем де алып отыр. Бұл колхозда сауын сыйырлар 3409 килограмнан сүт берді, ал жер көлемінің 100 гектарына өндірілген сүт 600 центнерден асып түсті! Шынында, бұл деректер өзінен өзі түсінікті емес пе?

Бұл деректер, соның ішінде жолдастар бұл облыстардың көпшілігінде өткізген шаруашылығы салақсытылып кетті. Мысалы Киров облысында соғысқа дейін 146 мың гектар зығыр егісі болған еді, ал өткен жылы тек 46 мың гектар ғана зығыр егілді.

Мемлекеттің мүдделері зығыр шаруашылығындағы артта қалушылықты жоюды талап етеді. Зығыр өсіруші озаттардың тәжірибесіне сүйене отырып, қаратопырақты емес аймақтың колхоздары зығыр өндіруді ең қысқа мерзімде бірнеше есе арттыра алады.

Хрущев жолдас бұдан кейін қаратопырақты емес өңірдегі колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың картоп пен овош өндіруді арттырудағы зор ролін атап көрсетті. Ол былай деді: бұл дақылдарды шаршы- ұялап және шаршылап егу әдістерін қолдану тіпті бұл дақылдарды бір жылдың ішінде қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының картоп пен овош жөніндегі тілектерін, сонымен қатар өнеркәсіптің қажеттерін толық қанағаттандыратындей мөлшерде өндіруге мүмкіндік береді.

РСФСР Совхоздар министрлігі және жергілікті партия, совет органдары тарапынан совхоздарға басшылық етудегі ірі- ірі кемшіліктер қатты сыналды. Кеңесте сөйлеген сөздерде атап көрсетілгеніндей, қаратопырақты емес өңірдің көптеген совхоздары жер көлемінің 100 гектарына өнімді өзі де аз беріп келеді. Мұның өзі өндірісті ұйымдастыру дәрежесінің төмен екендігін, совхоздардағы резервтердің нашар пайдаланылып отырғанын көрсетеді. Солай бола тұрса да, РСФСР Совхоздар министрлігі және жергілікті партия ұйымдары әрбір совхоздың жұмысына терең зер салмайды, шаруашылықты өркендету жоспарларын жасауда оларға нақты көмек көрсетпейді, үлгілі совхоздардың тәжірибесін нашар насихаттап, нашар енгізіп отыр. Мұның себебі негізтен? Мұның себебі сол, Совхоздар министрлігі басшыларының қағаздан, өз кабинеттерінен қол үзгісі келмейді, совхоз жеріне қадам басқысы келмейді.

Хрущев жолдас СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарарларына сәйкес дайындау системасын қайта құруды тезірек аяқтау қажеттігіне назар аударды. Дайындау органдарының далыбыл кеткен штаптарын барынша қысқартып, МТС-тердің дайындау ісіндегі ролі мен жауапкершілігін арттыру қажет.

Ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттырғаны үшін көтермелеу системасы туралы айта келіп, Хрущев жолдас былай деп көрсетті: бұл көтермелеу шаралары жер көлемінің 100 гектарына ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мөлшеріне қарай тікелей байланысты қолданылуға тиіс.

Қаратопырақты емес өңірдегі облыстарда, деді Хрущев жолдас бұдан кейін, пайдаланылмай жатқан орасан көп ре-

зерлер керек. Біздің кадрларымыз озат адамдардан, ауылшаруашылық өндірісінің жазнашыларынан қабырлықпен үйренетін болуы керек, сөйтіп, ғылым мен озат тәжірибенің табыстарын білуген өздерін байыттып, басқаларды да байытатын болуы керек. Біздің жергілікті басшыларымыз жалпылама директивалар мен нұсқауларды азырақ беріп, колхоздарда, МТС-терде, совхоздарда, бригадалар мен звеноларда тікелей адамдар арасында жаңы ұйымдастыру жұмыстарымен көбірек шұғылдануы, бұл жұмысқа әрбір адамды тікелей қамтуы қажет. Біздің басшылығымыздың күші міне осында. Біздің барлық кадрларымыз шын мәнісінде шабытты жігермен жұмыс істеуге тиіс; тапсырылған істі орындауда инициатива көрсетіп отыруға тиіс.

Н. С. Хрущев жолдас, сөзін аяқтай келіп, былай деді:

—Бізге ауыл шаруашылығын өрге бастыру міндеттерін шешу үшін қажетті жағдайдың бәрі бар. Біздің қолымызда СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының тамаша қарарлары бар. Ауыл шаруашылығы жаңа техникамен үздіксіз жабдықталып келеді. Деревня тәжірибелі кадрлармен нығайтылып келеді. Жергілікті басшылар мен колхозшылардың инициативасын өрістететін жоспарлаудың жаңа тәртібі қабылданды. Ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттырғаны үшін материалдық жағынан көтермелеу шаралары белгіленген. Енді өңгіме алға қойылған міндеттерді шешуге адамдарды ұйымдастырып, жұмылдыруда болып отыр.

Партия мен үкметтің қарарларын жүзеге асыруды ұйымдастыра білу көзір бұрынғы қай кездегіден болса да анағұрлым қатты талап етіледі. Егер біз жұмысты дұрыс ұйымдастыратын болсақ, онда астық және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөнінде СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы белгілеген тапсырмалар 1960 жылы емес, қайта одан едәуір бұрын, таяудағы екі-үш жылдың ішінде орындалатыны болады.

Коммунизм орнату жолындағы күресте біздің ауыр индустриямыз шешуші роль атқарады. Сондықтан біз металлургия, көмір, мұнай, химия өнеркәсібін, машина- жасау өнеркәсібін бұдан былай да күшті қарқынмен өркендете береміз, электрлендіру ісін алға бастыра береміз. Біздің социалистік Отанымыздың қуаттылығы мен көркейе беруінің, оның қорғаныс қабілетін нығайтудың, халықтың әл- ауқатын ұдайы өрлетудің көпшілігіміз осында. Коммунизм жеңісінің көпшілігіміз осында.

Совет елі сеніммен алға басып келеді. Ұлы Ленин ұйымдастырған және марксизм- ленинизмнің жеңімпаз ілімімен қаруланған, ұрыстарда сыннан өтіп, шыныққан Коммунистік партия елімізді алға бастап келеді.

(СОТА).

лердің құрамынан тәжірибелі 30 мың қызметкерді іріктеп алып, колхоздарға басшы қызметке жіберу туралы қарары Алматының өнеркәсіп және транспорт кәсіпорындарының, ғылыми және мемлекеттік мекемелерінің қызу қолдауын тапты.

Алматының ауыр машина жасау заводында көп адам қатысқан жыйналыс болды. Кәсіпорнының жұмысшылары, қызметшілері мен инженер-техник қызметкерлері колхоздарды нығайту және ауыл шаруашылығын өрге бастыру жөніндегі партия мен үкметтің маңызды жаңа шарасын бірауыздан мақұлдады.

—Біздің партиямыз бен үкметіміз,— деді машина жасаушылардың жыйналысында заводтың материалдық жабдықтау тобының жетекшісі коммунист Шапоревко жолдас,—ауыл шаруашылығын өрге бастыру және колхоздарды нығайту жөнінде жаңа қамқорлық жасап отыр. Партияның шақыруы бойынша мен колхозға жұмысқа баруға тілек білдіремін.

—Социалистік қала,— деді құю цехы жоспарлау-диспетчерлік бюросының бастығы коммунист Ноеренчук жолдас,— колхоздарға кадрлар жөнінде бірінші рет көмек көрсетіп отырған жоқ. 1929, 1933 жылдары да, бұдан бірнеше жыл бұрын колхоздарды ірілендіру неғұрлым маңызды басшыларды талап еткен уақытта да осылай болған еді. Көзір де, партиямыз бен үкметіміз колхоздарға көмек көрсетуге тағы да шақырып отыр. Партия мен үкметтің бұл қарарын мақұлдай отырып, менің деревняға жұмысқа барғым келеді.

Алматының вагон жөндеу зауытында шыққан партия жыйналысы болды. Жыйналыс колхозға басшы қызметке аспап сайлап қоймасының меңгерушісі коммунист Гонконогов жолдасы, кәсіпорны комсомол ұйымының секретары комсомолец Боваленко жолдасы және механикалық цехтың жұмысшысы, партияда жоқ белсенді Наконечный жолдасы жіберуге ұйғарды.

Қазақ ССР Ғылым академиясы экономика институты коллективінің жыйналысы институттың ғылыми қызметкері Өтегенов жолдасы колхозға председателдікке жіберуге ұйғарды. Жыйналыста сөз сөйлеп, Өтегенов жолдас былай деді:

—Бұдан бес жыл бұрын мен ауыл шаруашылық институтын бітірдім, одан кейін аспирантурада оқыдым. Ал көзір партия мен үкметіміз колхоздарды басшы кадрлармен нығайтуға ұйғарып отырған уақытта мен мұндай зор маңызы бар істен бір шеткей қала алмаймын, менің орын колхозда деп есептейтін.

Жұмысшылардың, қызметшілердің, инженер-техник қызметкерлердің колхоздарды басшы кадрлармен бұдан әрі де нығайту жөніндегі партияның шақыруына арналған жыйналыстары аяққим, тоқыма, темекі, мақта иіру фабрикаларында және Қазақстан астанамыздың басқа да кәсіпорындарында болып өтті.

(ҚазТАГ).



# ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

## Колхоздағы саяси үгіт

Молотов атындағы колхоздың (Преснен ауданы) партия ұйымы СОКП Орталық Комитеті январь Пленумы мен ССРО Жоғарғы Советі екінші сессиясының қарарларын колхозшы шаруалар арасында кеңінен түсіндіріп келеді. Бұл жұмыстары негізгі күш құрамында 20 адамы бар үгіт коллективі болып отыр.

Партия ұйымы үгітшілердің семинар-кеңесін бес күн сайын өткізіп, саяси үгіттің барысын қорытып отырады, таңдаулы үгітшілердің тәжірибелерін ортаға салады. Сонымен қатар онда алда тұрған шаруашылық міндеттер жөнінде колхоз председателінің, ферма меңгерушілерінің, егіс бригадалары бригадирлерінің, ауыл шаруашылығы мамандарының агрозоотехникалық мәселелер жөнінде баяндамалары ұйымдастырылды. Мәселен, үгітшілердің соңғы бір кеңесінде партия ұйымының секретары Бельчиков жолдас Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Ундеуіне қол қою науқаны және саяси үгіттің міндеттері, колхоз председатели Давыдов жолдас артель шаруашылығын өркендетудің перспективті жоспары, агроном Белоконов жүгері өсірудің агроэкономикасы туралы баяндамалар жасады. Үгітшілермен жұмысты осылай ұйымдастыру саяси үгітті өсерлі жүргізуді қамтамасыз етіп келеді.

Үгітшілер Литвин, Степаненко және басқа жолдасар өздерінің өңгімелерінде колхоз өмірінен алынған фактілерді пайдаланады. Үгітші Литвин жолдас фермалары бір өңгімесінде тағуадағы бес-алты жылда мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді екі-екі еседен астам көбейту жөніндегі міндетті колхоздың алдында тұрған нақты міндеттермен байланыстырды. Ол үстіндегі жылы өрбір сауын сиырынан 1700 литр сүт саууға жетісудің жолдары жөнінде мысалдар келтірді. Колхоз председатели Давыдов, партия ұйымының секретары Бельчиков жолдасар да колхозшылармен өңгіме өткізіп отырады. Сөйтіп колхозшылардың ұсыныстары мен тілектеріне кезінде құлақ асады.

Колхоз партия ұйымы партия мен үкі-

меттің ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі программасын насихаттауға бағытталған көрнекі үгітті де мазмұнды ұйымдастырып отыр. Мәселен, колхоз басқармасының кеңесінде, клубта қызыл матаға әдемі жазылған мынадай ұрандар бар: «Астықтың жыл сайынғы түсімін 10 миллиард пұтқа жеткізу үшін, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді екі-екі еседен астам көбейту үшін жүресейік!», «Жүгеріге — кең өріс!», «Совет халқының мызғымас бірлігі мәңгі жасасын!», «Тың және тыңайған жерлерді көптеп игерейік!».

Клубтың кең залына жақсы жабдықталып, поно қойылған. Ол екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде колхоздың өткен жылы қол жеткен табыстары баяндалады, екіншісінде артель шаруашылығын өркендетудің 1955 — 1960 жылдарға арналған перспективалық жоспарының көрсеткіштері сипатталады. Колхоздың жылдық табысы быйыл 2 миллион 400 мың сом, ал 1960 жылы 7 миллион 350 мың сом болуға тиіс. Жүгері егісі 240 гектардан 400 гектарға дейін ұлғайтылады.

Бұл күндері агроном Белоконов, зоотехник Бухалов жолдасар колхозшылар үшін ауылшаруашылық тақырыптарына арналған өңгімелер өткізіп, лекциялар оқып жүр. Олар өздерінің жұмысында советтік ғылым мен озат тәжірибелердің табыстарын насихаттау міндетіне ерекше назар аударады.

Колхоздағы саяси үгіт өзінің игі нәтижесін беріп отыр. Колхоз мал қыстату, төл алу жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастырып келеді. Көктемгі дала жұмыстарына әзірлік тыңғылықты ұйымдастырылып отыр. Партия ұйымы көктемгі егіс кезіндегі бұқаралық-саяси жұмыстың жоспарын жасап, бригадаларға үгітшілерді бөлді. Екіншілердің мәдени қостарында жылжымалы кітапхана, музыкалық аспаптар, дойбы, шахмат болады.


**В. СКИБСКИЙ,**

ҚНП аудандық комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі.

## Ғылыми-атеистік тақырыптағы лекциялар көп оқылсын

СОКП Орталық Комитетінің «Халық арасында ғылыми-атеистік насихат жүргізудегі қателіктер туралы» қаулысы дінге қарсы насихаттың нақтылы міндеттерін белгілеп берді. Партияның Орталық Комитеті ғылыми-атеистік насихатты жүргізгенде дінге сенушілердің сезімін қорлаудан аулақ болуды, жалаң даурықпандықтан арылып, дінге қарсы насихатты ғылыми-техникалық қоғамның

комитеті мен саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесінде насихат жұмысының бұл саласын шұғыл жақсарту туралы көптеген сөз болды. Жиі-жиі жыйналыстар, ірілі-ұсақты семинарлар, көптеген мәжілістер өткізілді. Бірақ мұндағы айтылған сөздер аяқсыз қалды. Не қоғамның облыстық бөлімшесі, не қалалық партия комитеті ғылыми-атеистік насихат саласында нақ-



Петропавл телефон станциясының телефонисткасы Е. Данилова екі жылдан бері станция бойынша бірінші орынға ие болып келеді. Ол жұмысты ақаусыз істеп, жас телефонисткаларға өз тәжірибесін үйретіп отырады.

**СУРЕТТЕ:** таңдаулы телефонистка **Е. Данилова** жолдас жұмыс үстінде. Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Конюхов ауданында

*Жүк машиналары көбеюде*

1953 жылы аудан колхоздарында 10 жүк машинасы бар еді. Кезір олардың саны бес есе көбейді. Өткен жылы колхоздар 25 жүк машинасын және 15 «Победа», «Москвич» жеңіл машиналарын сатып алды. Кезір колхоздардың көпшілігінде 4—5 жүк автомашиналары бар.

«Жаңа түрмыс» колхозы жақында жүк машинасын сатып алды. Кезір колхозда екі машина бар. Бұл машиналар тұқым тасу жұмыстарына пайдаланылуда.

*Радио тораптары*

Аудан колхоздарының көпшілігі радиоландырылды. Киров атындағы, Молотов атындағы колхоздардың әрқайсысында екі радио торабы бар. Елші аз күннен кейін «Путь Ильича», «Большевик» колхоздарында да радио тораптары салынады.

*Жеті колхоз миллионер*

Аудан колхоздарының қоғамдық шаруашылығы жыл сайын өрте басып,

# ҚАЗАҚСТАН ДАЙЫНДАУ ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КЕҢЕСІ

Дайындау ұйымдары қызметкерлерінің республикалық кеңесінде ССРО Дайындау министрінің орынбасары **П. В. Арзамасцевтің** баяндамасы оған әрі талқыланды.

«Қарағандашахтестрой» комбинаты бастығының орынбасары **Мусакин** жолдасқа сөз берілді.

—Қарағанды көмір бассейнінің құрылыстарына республиканың екі облысында астық қоймаларын салу тапсырылды. Қарағанды облысында жоспарланған алты астық қоймасының бесеуінің құрылысы басталды. Ал Павлодар облысында қоймалар салу ісі нашар күйде болып отыр. Бұл объектілерге заказниктерден осы уақытқа дейін техникалық документация түскен жоқ, мұнсыз жұмысқа кірісу мүмкін емес. Мусакин жолдас шахта құрылыстары коллективі өзіне жүктелген астық қоймалары құрылысын ойдағыдай аяқтайды деп мәлімдеді.

Бүкілодақтық астық ғылыми-зерттеу институтының директоры профессор **Казьмина** жолдас сөз сөйлеп, кеңесте Дайындау министрінің техникалық бөліміне, «заготзернога», ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдары атына қойылған талаптар мен тағылған кінәлер әбден дұрыс деп көрсетті.

Казьмина жолдас өндіріске жаңа техниканы бағыл енгізу, кәзірдің өзінде механизатор кадрларын даярлау қажеттігін айтты.

Бұдан кейін Павлодар облыстық атқару комитетінің председатели **Мамбетов**, «Союззаготтранстын» республикалық бөлімінің басқарушысы **Балюба**, Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитеті председателинің орынбасары **Ванчуков** жолдасар сөз сөйледі.

ССРО Дайындау министрінің «Главзаготстрой» бастығы **Черезов** жолдасқа сөз берілді. Ол кәзіргі уақытта Қазақстанда төрт құрылыс-монтаж тресі, 39 құрылыс-монтаж басқармалары мен участоктері, сол сияқты, «Главзаготстройдың» мамандандырылған жұмыс басқармасы бар екенін айтты. Оның өзінде аспап-өндіріс базасы жасалуда. Алматы мен Ақмолада құрылыс комбинаттарын салу жүргізілуде. Олардың жекелеген цехтары 1955 жылы салынып бітеді. Бөкшетау, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарында ірі тас карьерлері ұйымдастырылды. Өрбір трест жанында машина-прокат базалары жасалды. Быйыл Бөкшетауда және Оралда тағы да екі база ұйымдастырылады.

Черезов жолдас «Средазаготстрой», «Кустанаизаготстрой» және басқа трестердің жұмысына талдау жасап, олардың қоймалар салу жоспарын орындау үшін барлық ішкі резервтері пайдаланбауы

деді шешен, — мұнда дұрыс шешілмейді. Біздің облыстың пункттеріне астық жоғары ылғалдықта келіп түседі. Белгіленіп отырған астық кентіргіштер салу мөлшері, колхоздардан түсетін барлық астықты тазартуды қамтамасыз етпейді.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрі **Мельник** жолдасқа сөз берілді.

—Астық өндіруді ұлғайту және егін жыйнау мерзімін қысқарту, — деді ол, — республиканың ауылшаруашылық және дайындау органдары алдына астық дайындауды ұйымдастыруда бірқатар жаңа міндеттер қойды. Аудандарда жаңа дайындау пункттерінің шоғырландырылуы олардың астық өндіруін шұғыл ұлғайтатын, транспорттың айналымын және пункттерге астықтың түсуін арттырады, бірақ ол бұл міндетті толығымен шеше алмайды.

Қазақстанда астық дайындау кезінде астық тасуда ондаған мың автомашиналар жұмыс істейді. Транспорт ұйымдары шоферларға колхоз астығын өз жауапкершіліктеріне алуына тыйым салады. Сондықтан өрбір машинаны дайындау пунктіне дейін екі колхозшы алып барады. Егін жыйнаудың қызған кезінде колхоздан қабылдау пунктіне дейін және оңай кейін қарай 80 мың колхозшы өрсіл-қарсылы жүретін болады. Бұл мәселені қайта қарау керек болады. Біздің еңбек ресурстарымызды неғұрлым ұтымды пайдалану керек. Мельник жолдас еортты тұқымды қабылдау және сақтауды тәртіпке келтіру жөнінде мәселе қойды.

Ақмола облыстық партия комитетінің секретары **Ильясов** жолдас, өзінің өзінде элеваторлар мен астық қоймаларын салуды мезгілінде аяқтаудың, әсіресе сны тың және тыңайған жерлер игеріп жатқан аудандарда тезірек аяқтаудың маңызын атап көрсетті. Шешен құрылыс жұмыстары қарқынының баяулығы және сапасының төмендігі үшін ССРО Дайындау министрінің сынады.

—Маған, — деді Ильясов жолдас, — Украинада болуға, асфальтталған алаңдары мен кірме жолдары бар дайындау пункттерін көруге тура келді. Бізде, Қазақстанда элеватор жанында мұндай пункттер неге жоқ? Украинада да, біздің республикамызда да оларды сол бір министрлік ғана салады ғой. Арзамасцев жолдас өзінің баяндамасында құрылыс жұмыстарын нашар ұйымдастырудың себептерін ақырына дейін ашпады. Ол көпшіліктердің қайдан тұрғаны және оларды қалай жою керектігін айтуға тиіс еді.

ССРО Дайындау министрілігі және оған қарасты ұйымдар біздің республикамызда элеваторлар мен астық қоймаларын салу ісі мәселесімен мейлінше жеткілікті жа-

ғанда, астық едәуір көп түседі. Дайындау ұйымдарының техникалық базалары өскелең талалтардан кейін қалып отыр. Өткен жылы біз бір тонна астық сыйтын орынға орта есеппен екі тонна астық қабылдадық. Дымқыл астық түскен кезде үлкен қиыншылықтарға жездестік. Астық дайындау басталғанда 120 қабылдау пунктінде автомобиль таразылары болмады. Бұл автомашиналардың босқа тұруына өжеліп соқты. Астық артып-түсіретін механизмдер, астық кентіргіштер де жеткіліксіз еді. Партиямыз бен үкметіміздің көмегі арқасында ғана бұл кемшіліктерді жою алдық.

Двинов жолдас үстіндегі жылы астық қоймаларын салу жұмысы нашар өрісетілуде, — деп атап көрсетті. — Мұның бір себебі «заготзерноның» облыстық және республикалық мекемелері басқарушылары тарапынан құрылыс жұмысына жеткіліксіз басшылық жасалуы болып табылады.

Совет Одағы бейбітшілік жолындағы күресте барлық елдермен және үкіметтермен ынтымақ жасауға әзір отыр. Өзінің бейбітшіл ұстаныстарын Совет Одағы нақтылы істермен де бекітіп келеді. Соғыс біткеннен кейінгі қысқа мерзімнің ішінде герман фашистеріне қарсы жүргізілген соғыс қыймылдарының барысында бірқатар елдерге енгізілген совет әскерлері олардың территорияларынан әкетілді. Совет Одағы өзінің Қарулы Күштерін де едәуір қысқартты. Ал АҚШ өзінің оккупациясын барған сайын жеңейтіп, соғыстық күштерін соғысқа дейінгі 1939 жылғымен салыстырғандағыдан әлдеқеше есе артық ұлғайтып отыр. Совет Одағында бейбітшілікті қорғау туралы арнаулы Заң қабылданды. Бұл Заң бойынша, соғысты насихаттау адамзатқа қарсы қылмыс болып табылады. Ал АҚШ-та, мұның керісінше, соғысты насихаттау оның үкметі тарапынан қолдау тауып отыр. Совет Одағы атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдаланудың үлгісін көрсетіп, дүние жүзінде ең тұңғыш рет атом электр станциясын жасап, пайдалануға берді. Ал АҚШ-та адамзат ақылының бұл тапалана жаңалығы соғыс мақсаттарына пайдаланылғалы отыр. Совет Одағының, Қытайдың және басқа да демократиялық елдердің бейбіт саясаты, инициативасы мен күш-жігері арқасында ғана Корея мен Индо-Қытайдағы қырғын соғыс тоқтатылды. Нақ Совет Одағының өзі барлық талас мәселелерді бейбіт жолмен шешу жөніндегі халықаралық кеңестер

мен конференцияларды шақырудың инициаторы болып отыр.

Совет мемлекетінің бейбітшіл саясаты мен бейбітшілікке ұмтылуының өте айқын белгісі советтік қоғамның бейбіт, жасамас еңбегі болып саналады. Үстіміздегі жылдың февралінде ССРО Жоғарғы Советі 1955 жылға арналған бюджетті қабылдады. Біздің бюджетіміздің әрбір цифры, әрбір статистикасы Совет мемлекетінің бейбітшіл саясатының айқын көрсеткіші болып табылады.

ССРО-дағы бейбіт құрылыстың табыстары бүкіл демократиялық лагерді нығайта түсуде. Қуатты советтік держава демократиялық лагер елдерінің ішкі істеріне мүлде араласпастан олардың бейбіт социалистік құрылысында зор және қалтқысыз көмек көрсетіп келеді. Қытайдың, демократиялық лагердің басқа да елдерінің еңбекшілері Совет Одағына берік сенеді және оны құрметтейді. Өйткені олар Совет Одағымен мызғымас достыққа сақтаған жағдайда ғана өз жеңістерін, өздерінің ұлттық тәуелсіздігін ағылшын-американ империалистерінің қол сұғуынан қорғап қалатындығын жақсы біледі. Сондықтан да олар Совет Одағының маңына тығыз топтасып, соғыс өртен тұтандырушыларды өшкереуге, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтап қалуға және нығайтуға бағытталған қақырлы күрес жүргізуде.

Капитализмнің алыстан болжай алмайтын дүние саясатшылары Совет Одағының бейбітшіл саясатын әлсіздіктің белгісі деген сандыраққа салынып жүр. Алайда Совет Одағы соғыс өртен тұтандырушылардың жоқан-лоққысынан қорықпайды. Совет халқының агрессорларға қарсы күрес жүргізу тәжірибесі бар. Егер бұл қажет бола қалса, біздің халқымыз оларды өлі де болса елжіреге жығады. Бейбітшіліктің, демократия мен социализмнің күштері кезір империалистік реакцияның күштерінен әлдеқайда басым. Совет Одағының аса қуатты Ар-

миясы бар. Ол өз халқына шексіз берілгендік рухта тәрбиеленген. Оның қолында кәзіргі замандық қуатты қару-жарақтың барлық түрлері де бар.

Агрессорлардың соғыс бастауға, біздің халықтарымыздың бейбіт өміріне қол сұғуға бағытталған барлық әрекеттері, атомшылар айтып отырғандай «дүниежүзілік цивилизацияның құрып кетуіне» емес, империалистік реакция күштерінің, өліп-шіріп бара жатқан империалистік лагердің құрып кетуіне өкеліп соғады.

Атом соғысын әзірлеушілерге қарсы қозғалыс кәзір бүкіл дүние жүзінде мейлінше кең өріс алды. Совет адамдары Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Үндеуін қызу қуаттап отыр. Үндеуге біркәсідей қол қоя отырып, совет халқы бейбітшілік жолындағы табанды күрескерлер екендіктерін айқын дәлелдеуде. Сонымен бірге совет халқы өзінің экономикасын барынша қуаттандыра беруге жұмылуға, Өйткені социалистік экономиканың гүлденуі бейбітшіліктің, халқымыздың бақытты өмір сүруінің нағыз кепілі болып табылады.

Біздің облыстың еңбекшілері де Үндеуге қол қойдыру науқанын зор саяси және патриоттық өрлеу үстінде қарсы алды. Олар СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын орындау жолында қақырлы еңбек етуде. Ал мұның өзін облыс еңбекшілері бейбітшілік ісіне қосылатын зор үлес деп тануда.

Өздерінің күшін, өздері қолға алған істің жеңілмейтіндігін өсіне отырып, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің маңына тығыз топтасқан совет халқы ұлы мақсатқа — сәулетті коммунистік қоғамға қарай берік сеніммен алға басып келеді. Империалистік елдердің жаңа соғыс бастауға ұмтылған қандай да болмасын әрекеттері совет халқын бұл жолдан тайдыра алмайды.

**С. УАҚБАЕВ,**

ҚКП обкомінің ауызша және баспасыз насихаты секторының меңгерушісі.



## Қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту жөнінде

(Оқытушының тәжірибесінен)

«Орыстың ғылымы, өнері— дүниенің кілті; оны білгенге дүние арзанырақ түседі», — деген еді қазақ халқының ұлы ақыны Абай. Шыңдығында да қазақ халқы ұлы орыс халқының қалтқысыз туыс қандық көмегімен бақытты өмірге ие болды. Орыс халқының көмегіне сүйеніп, өнерін үйреніп ауыр индустриясы мен озат ауыл шаруашылығы, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті бар республикаға айналды.

Сол ұлы орыс халқының ұлы тілін үйрену — әрбір совет азаматы үшін абройлы борыш. Сондықтан да қазақ мектептерінде жас ұрпақтарға орыс тілін оқыту және үйрету—аса күрделі, сонымен бірге зор жауапты іс. Мен бұл мақалада қазақ балаларына орыс тілін оқыту және үйрету жөніндегі өз тәжірибемді ортаға салмақпын.

Мен Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебінің жоғары кластарына орыс тілі және орыс әдебиеті пәндерінен сабақ беремін. Бұл мектепте оқытатын балалардың көпшілігі қазақ ауылдарында тәрбиеленген және орыс тілін өте нашар білетін оқушылар. Сондықтан да оларға орыс тілін оқытудың және үйретудің қиыншылықтары менің жұмысыма кездеспей қалған жоқ.

Орыс тілінің грамматикасының күрделі едігі 8 кластан басталады. Бұл класта оқытатын оқушылардың аз да болса орыс сөздерінен сөздік қоры болады. Бірақ олар көбінесе ол сөздерді орыс тілінің барлық ережелері бойынша нақышына келтіріп айта алмайды. Сондықтан мен алғашқы сабақтан бастап-ақ олардың бұл сөздерді дұрыс айтулары үшін еңбектенемін. Ол үшін өздері білетін бірнеше сөздерді алып, одан сөйлем құрауға талпырма беремін. Бұл кішкентай ғана талпырманың өзі өздері білетін сөздерді өлі толық пайдалана алмайтындығына олардың көздерін жеткізеді. Бұл арада мен олардың қателіктеріне тоқталып, оны толық түсіндіріп, әсіресе сөздерді өзгерту ережелері мен олардан сөйлем құрау жөнінде түсінік беремін.

Орыс тілінің грамматикасын оқытқанда оқытушы ең алдымен бұл сабаққа оқушылардың қызығушылығына жеткізу керек. Екіншіден, грамматикалық ережелерді тек жақтау арқылы ғана емес, саналы түрде тынақты меңгеру ісін оқушылардың бойына сіңіру—бұл мәселедегі басты міндет. Сол сияқты, бұл ережелерді күнделік өмірде ауызша және жазбаша түрде қолдана білуді үйрету қажет.

Мен алдағы сабаққа дайындалған уақытта ең алдымен оқушылардың өткел отырған тақырыпқа деген ынталылығын арттыру әдістерін ойланамын. Бұл әдіс-

оның мазмұнын, мәнін және қолданылатын орнын жете түсіндірудің артықшылығы жоқ. Бұл үшін мен көбіне сол сабақ өтіп отырған кластары бар заттарды не көріністерді пайдаланамын. Мәселен, қолда тұрған ағашты ең алдымен атын атапқызып, онан соң оны сындыртып, ал бұл сындырудың қандай қиындығын өңі жөсі екендігін түсіндіру арқылы етістіктің түрлерін айыруға келерліктей сөйлем құрауға болады. Бұл арада мына жағдайды еске ұстау керек. Істелген қиынды бойынша құралған сөйлемдердің ішіндегі етістіктердің бірі қиынды анықтаса, екіншісі сол қиындыдың нәтижесін анықтайды. Осы арқылы етістіктің істің толық аяқталғанын көрсететін түрі (совершенный вид) мен істің толық аяқталмағанын көрсететін түрін (несовершенный вид) түсіндіремін.

Оқушыларға сабақ мазмұнын түсіндіргенде көрнекі құралдарды пайдаланудың зор маңызы бар. Көрнекілік неғұрлым басым болса, грамматикалық ережелерді оқушылар жеңіл және терең түсінеді. Айта кету керек, кейбір оқытушылар көрнекілік дегенді тақтаға таблода немесе сурет ілу деп қана түсінеді. Бұлар болмаса көрнекілік болмайды деп ойлайды. Әрине, бұл өңеуін де пайдалану керек. Бірақ көрнекілікті тек онымен шектеп қою дұрыс болмас еді. Мен кей уақытта көрнекі құрал есебінде кітапты, тақтаны, столды, қағазды және басқа күнделікті пайдаланып жүрген заттарды да қолданамын. Бұл, әсіресе, предлогтардың маңызын түсіндіргенде өте қажет. Таблицадағы предлогтардың мазмұнын таныстырғаннан кейін мен мына сияқты көрнекілік әдістерді жиі қолданамын. Қағазды немесе борды тақта үстіне, тақта астына, я болмаса басқа бір жерлерге қойып, оның тұрған жерлерін орыс тілінде балалардан сұрау, бұл жағдайда бірнеше әдістерді қолдануға болады. Бірақ мұның барлығында да дереу көрнекілік әдісті қолдану оқушылардың предлогтардың мазмұнын мен мәнін жете және терең түсінуіне көмектеседі.

Сөйлемдегі тыныс белгілерін оқытуда мен алғашқы кезде көптеген қиыншылықтарға кездесіп жүрдім. Әсіресе сөйлем ішіндегі тыныс белгілерін дұрыс қоймаушылық фактілері қазақ мектептерінде көп кездеседі. Сондықтан да бұл тақырыпты түсіндіруге мұқият назар аударамын. Бұл үшін тыныс белгілері дұрыс қойылған сөйлем мен дұрыс қойылмаған сөйлемнің мазмұнындағы көріне-көзге көрінетін ерекшеліктері жеріне жетеле ашаққан жөн. Мен кейде бұл әдісті орындау үшін сабаққа қағазға сөйлемді жазып алып келемін де, оқушылардың көңіліне бұл сөйлемдегі жеке мазмұндарды тыныс белгілері тұрған жерден белгілемін.

## Совет Үкмет делегациясының Будапештен жүріп кетуі

БУДАПЕШТ, 7 апрель. (СОТА). Венгрияны совет әскерлерінің азат етуінің он жылдығын мейрамауға қатысқан, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі, Совет Одағының Маршалы К. Е. Ворошилов бастаған ССРО Үкмет делегациясы Москваға жүріп кетті.

Будапешттің батыс вокзалында делегацияны Венгер Еңбекшілер партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Маттиас Ракоши, Венгер Еңбекшілер партиясы Орталық Комитетінің саяси бюросы мен секретариатының мүшелері, Венгер Халық Республикасы Президиумының председателі Иштван Доби, Венгер Халық Республикасы Президиумының мүшелері, Венгер үкметінің мүшелері, жұртшылық өкілдері, сонымен бірге Венгрияның азат етілуінің он жылдығын мейрамауға қатысу үшін келген халықтық демократия елдерінің үкмет делегациялары, ССРО-нің Венгриядағы елшілігінің жауапты қызметкерлері, халықтық демократия елдерінің Будапештте тіркелген елшіліктерінің басшылары мен қызметкерлері шығарып салды.

Вокзал алдындағы алаңға құрметті қарауыл қойылды. Венгер және Совет мемлекеттік гимндері орындалды.

Поездың жүрер алдында Венгер Халық Республикасы Президиумының председателі Иштван Доби сөз сөйледі. Ол совет халқының делегаттарына қайырлы сапар тілеп, венгер халқының жаңа тұрмыс орнатуда өзіне баға жетпес көмек көрсетіп отырған «Совет Одағына рақмет айтып, сүйіспеншілікпен құттықтайтындығы жөнінде айтты. Доби Венгрияның досы және азат етушісі—Совет Одағының, венгер және совет халықтарының мәңгі және мызғымас достығының құрметіне уран тастады.

Совет Үкмет делегациясының басшысы К. Е. Ворошилов жолдас жауап сөз сөйлеп, Совет Үкмет делегациясына жасаған достық сезім мен сүйіспеншілік үшін Венгер үкметіне, Венгер Еңбекшілер партиясының басшылығына, Венгрия еңбекшілеріне бүкіл делегацияның атынан және жеке өз атынан шын жүректен алғыс айтты. Біз осында қатысқан Венгрияның азат етілуінің он жылдығын мейрамау деп атап көрсетті ол, Совет Одағы мен Венгер Халық Республикасы арасындағы, халықтық демократия елдерінің арасындағы достықтың нығайып және ұлғайып отырғандығын, мұның өзі бейбітшілік ісі үшін қызмет ететін күш болып табылатындығын көрсетеді. К. Е. Ворошилов жолдас бұл достықтың бұдан былай да нығая беретіндігіне сенім білдірді.

Совет делегаттары перронда болған өкілдермен жылы жүзбен қоштасты.

Совет делегаттарын Венгер Халық Республикасы Министрлер Советі Председате-

## Халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі азиялық елдердің конференциясы

ДЕЛИ, 7 апрель. (СОТА). Бұрын хабар етілгендей, Делиде салтанатты жағдайда халықаралық жағдайдағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі азиялық елдердің конференциясы ашылды. Адамзат баласын дүниежүзілік жаңа соғыстың сұмдықтарынан сақтамақ және халықаралық жағдайдағы шиеленісті бәсеңдетпек болған жалпыға бірдей қызу тілектің қозғауымен азиялық 18 елдің жұртшылығының ең үлкен топтарының 200-ге жуық өкілдері Индияның астанасына келді. Конференцияның міндеті—Азия халықтарының ынтымағын нығайту, бейбітшілікке төнген соғыстың қатерін қайтарудың жолдарын іздестіру.

Конференция бірінші мәжілістің председателдігіне Индияның аса көрнекті қоғам қайраткері Рамешвари Неру ханымды сайлады.

Жыйналғандар конференцияның адресіне келіп түскен көптеген құттықтаулар жөніндегі секретариаттың хабарлауын зор ықпал қоя тыңдады.

Дели муниципалитетінің председателі Р. Н. Агарвал қысқаша сөз сөйлеп, Дели тұрғындарының атынан Индия Республикасының астанасына жыйналған делегаттарды қызу құттықтады. Бұдан кейін кіріспе сөз сөйлеу үшін индиялық әзірлік комитетінің председателі Рамешвари Неру ханымға сөз берілді.

Қонақтарды қызу құттықтап Рамешвари Неру былай деді: біздің конференциямыз қарапайым адамдардың өмірге жалпы ұмтылушылығы және барлық қатысушы елдердің күшімен шақырылды. Сондықтан проблемаларға біз қарапайым адамның көзқарасымен қарайтын боламыз және осы көзқарастың негізінде шешімдер іздейтін боламыз. Көрнекті қайраткерлер— жұртшылықтың әртүрлі топтарының өкілі болып табылатын бүкіл Азия бөлігінің еркектері мен әйелдері—бұдан бұрын ешқандай міндеттемелермен байланыс болмаған, біздің алдымызда тұрған проблема жөнінде өздерінің тәуелсіз және жеке көзқарастарын айту үшін осында отыр. Біздің міндеттеріміз, егер олар бізде болатын болса—бұл міндеттер бейбітшілік туралы мәселеде, әлеуметтік әділет идеясы жөнінде, жеке адамдардың және ұлттың бостандығы жөнінде, қанаушылықтың жойылуы жөнінде болып табылады.

Біздің конференциямыздың ең негізгі мына бес принцип болып табылады: 1. Өзара территориялық тұтастықты және суверенитетті құрметтеу; 2. шабуыл жасамау; 3. бір-бірінің ішкі істеріне араласпау; 4. теңдік және өзара тиімділік; 5. бейбітшілікпен қатар өмірсүру. Бұл прин-

циптер орнатудың қажеттілігін атап көрсетті. «Бұл уақытқа дейін саясатымыз бен экономикамыз Батысқа бейімделіп келді. —деді бұдан әрі Неру ханым.—Біздің кәзіргі қажет етіп отырғанымыздың бәрі жағдайды жақсарту және біздің ең жақын көршілерімізбен достық ынтымақты орнату болып табылады. Кәзіргі уақытта біз европалық тілдерді, Европаның тарихын, әдебиетін және тағы басқаларын көбірек білеміз. Енді біз өзіміздің азиялық көршілеріміз туралы көбірек білудің жолдарын қамтамасыз етуге тиіспіз».

Қорытындысында Рамешвари Неру ханым конференция шешімдерінің бәрі де Азия елдері халықтарының қалың топтарының игілігіне қызмет ететіндігіне өзінің сенетіндігін айтты.

Жапон делегациясының басшысы, Жапония кеңесшілер палатасының мүшесі Дзиниро Мацумото өзінің сөзінде бейбітшілікпен қатар өмір сүрудің бес принципінің қызу құттықтап, мұны өзінің Азияны азат етудің және тәуелсіздігінің негізгі жолдары деп есептейтінін айтты. Азия халықтарын азат және тәуелсіз ету, жалпыға бірдей бейбітшілікті сақтау жолымен қол ұстасып, қатар жүрейік, деді ол. Жапон делегациясы бұл мақсатты жүзеге асырылуы үшін барлық күшін жұмсайтындығына сендіреді.

Бұдан кейін сөз алған Вьетнам делегаты Нгуен Ван Хуонг былай деді: француз отаршылары мен американдық интервенттерге тоғыз жыл қарсыласқаннан кейін Вьетнам, Лаос және Камбоджа халықтары ақыр аяғында жеңіске жетті. Индо-Қытайда бейбітшілік орнатып, кәзір халықтар соғыс түсірген жарақатты емдеуде, 1956 жылы өткізілетін, бейбітшілік, біртұтас, тәуелсіз, демократиялық Вьетнам құруға мүмкіндік беретін жалпыға бірдей сайлауға әзірленуде.

Вьетнам халқы, деді бұдан әрі Хуонг, тек бейбітшілік жағдайында ғана өз Отанын гүлденген мемлекет етіп, бақытты өмір сүруге болатындығын түсінеді. Міне сондықтан Вьетнам халқы бейбітшілікке жетуді және Азия халықтарының ынтымағын нығайтуды өзінің мақсаты етіп қойып отырған конференцияны қызу қолдайды.

Конференцияға қонақ ретінде қатысқан Рене Калитан (Франция) өзінің сөзінде Женева кеңесінің қарарын мадақтап өтті. Бұл келісімді ол халықтардың бейбітшілікпен қатар өмір сүру принциптеріне негізделген халықаралық жаңа саясаттың басталу дәуірі деп сыйпаттады. Кейбір мемлекеттер Женева кеңесінің қарарын орындауға кедергі келтіруге тырысып отырғанымен, деді ол, қарарлардың жүзеге асы-

руына Азия елдері өкілдерінің қатысуы ықпал тигізді деді. Осыған байланысты совет делегаты АРШ тарапынан Қытай Халық Республикасына жасалынып отырған барып тұрған сорақы әділетсіздікті атап көрсетті. АҚШ-тың кінәсінен Қытайға кәзіргі уақытқа дейін БҰҰ-да орын берілген жоқ.

Н. Тихонов бес принциптің маңыздарына кеңінен тоқталды, олардың мемлекеттердің арасындағы бірқалыпты қатынастардың негізі болып табылатындығын атап көрсетті.

Н. Тихонов онан әрі былай деді: Совет Одағы бейбітшілікпен қатар өмір сүру принципін, екі системаның—социалистік және капиталистік системаның экономикалық жарысын бұлжымастан қолданып келді және қолданып отыр.

Бұдан кейін Пакистан өкілі Шығыс Пакистандағы халықтық мұсылмандар лигасының председателі Мауляна Бхасани сөз сөйледі. Бхасани Батыс империалистерінің Азия елдерінде ұзақ уақыт үстемдік етіп келгендігі туралы және олардың Азия елдерінің халықтарын аяулылықпен қанап келгендігі туралы айтты. Енді, деді Пакистан делегациясының басшысы, оянған Азияның халықтары тәуелсіздіктің қандай формасынан болсын құтылуға, адамзатқа татымды өмірдің жағдайына ғана қол жетуге емес, сонымен бірге Азиядағы бейбітшілікті бұзғын келетін әрекеттердің бәрін де қарсы тұруға берік бол байлап отыр. Бхасани өзінің сөзін конференцияның жұмысында табысқа жетуіне тілектестік білдірумен аяқтады.

Конференцияға қонақ ретінде қатысып отырған Камбоджадағы буддийлік монах Бикхи Пиа Силога сөз берілді. Мен саясат амаш емеспін, деді ол, алайда буддийлік монах ретінде мен бейбітшілікті сақтауға және бес принципті жүзеге асыруға мүдделімін. Оның орнына Сирияның бұрынғы премьер-министрі Мааруф Эд-Давалиби мінбеге шықты. Ол «Араб елдерінің халықтары конференцияның Азия елдері халықтарының арасындағы байланысты нығайту және Азия халықтарының хауіпсіздігі мен бүкіл адамзат баласының хауіпсіздігі жолын, бұл елдер халықтарының жақсы тұрмыста тұруын көздейтін игі мақсатын қолдайды» деді.

Давалиби тарихи бес принциптердің Сирияның және басқа да елдердің қызу қолдауын тауып отырғандығын атап көрсетті. Ол осы конференцияның нәтижесінде араб елдерінің және Азияның басқа да елдерінің арасындағы шын мәніндегі ынтымақ жасалып, байланыстар нығайтыларын сенім білдірді.



ер өртүрүл. Мәселен, мына бір мысалды алайық: VIII-класста «дыбыс және әріп» деген тақырыпта сабақ өтеді. Бұл тақырып оқушылар үшін жаңалық емес. Олар мұны бастауыш мектепте және V-класста өткен болатын. Сондықтан да бұл тақырыпты тақтаға жазғаннан кейін, оған жауап беруге ынта білдірген оқушылар көп болды. «Әріпті біз көреміз және жазамыз, ал дыбысты айтамыз және естіміз» деп жауап береді олар. Бұл ретте мен тақтаға «поют» деген сөзді жазамын да оны әріпке және дыбысқа бөлуді сұраймын. Әріп пен дыбыс үйлеседі—бұл сұраққа берілген жауап осындай болды. Мұнан кейін мен кластан «Сіздер тақтадан не көріп тұрсыздар?» деп сұраймын. «Әріптерді көріп тұрмыз», дейді олар. Ал дыбыстарды көруге болмайды, тек қана айтуға және естуге болады. Бұл арада мен манағы жағдайда жазылған сөзді өшіріп, оны «енді ауызша айтуға кірісемін. Өрине, бұл оншалықты күрделі әдіс емес, бірақ осының өзі оқушылардың осы тақырыпқа деген ынталылығын арттырады және олардың дыбыс пен әріптің айырмашылығын жете түсінуге мүмкіншілік береді.

Кей уақыттарда мен сабақты оқушылардың жазба жұмыстарында жіберген бұрынғы қателерін түсіндіруден бастаймын. Мәселен, «б» және «в» әріптері оқылып жатыр. Бұдан бұрынғы жазба жұмыстарында оқушылардың көпшілігі «Ворона взлетела и села на ближайшее дерево» (қарға ұшты да таяу жердегі ағашқа қонды) деген сөйлемде оқушылар «ворона» деген сөздің орнына «борона» деп жазыпты. Мен бұл екі сөзді тақтаға жазып, енді оларды қазақ тіліне аударуды және ол сөздерді енді орыс сөздерімен салыстыруды сұраймын. Бұдан кейін әлгі сөйлемді түгелдей екі түрлі етіп қазақ тіліне аударамын. Бір әріпті ауыстырып жазудың өзі сөйлем мағанасын қаншалықты бұзатындығын түсіндіру арқылы мен оқушыларға бұл екі әріпті ауыстырып жазу зор кемшілік екендігін түсіндірдім.

Оқушылардың өтіп отырған тақырыпқа ынталылығын арттыру ең алдымен сол тақырыпты меңгеруге олардың көбілеттілігін арттыру деген сөз. Бұған жетісу үшін тек қана осындай әдістерді қолдану керек деу ұшқары пікір болады. Әрбір тақырыпқа оқушылардың ынталылығын арттыру әдістері өте көп. Сондықтан мен әрбір өтілетін тақырып сайын бұл әдістердің әр түрін қолданамын.

Жаңа материалды түсіндіргенде оқушылардың ол тақырыпқа ынталылығын арттырумен қанағаттануға болмайды. Ең алдымен жаңа ереженің әрбір сөзі оқушылардың санасына берік сіңуі керек. Бұл үшін оқушыларға әрбір жеке сөзді,

Бұдан соң әлгі сөйлемді тұтастай тақтаға жазып, біртұтас сөйлемнің ендігі жердегі мазмұнын түсіндіремін.

Орыс тілін оқыту ең алдымен оқушылардың орыс тілін сөйлей және жазы білу мақсатына бағытталу керек. Мұнысыз оларға тек грамматика ережелерін түсіндіріп қою мүлдем жеткіліксіз болар еді. Бұл үшін ең алдымен орыс тілі сабағында практикалық жұмыстарға жеткілікті уақыт бөлу керек. Мен мына жағдайды айтып өткім келеді. Қазақ мектебінің көптеген оқытушылары көбінесе оқушылардың жазба жұмыстарына баса назар аударып, оларды дұрыс сөйлей білуге үйретуге оншалық маңыз бермейді. Мәселен, өткен жылы басқа жетіжылдық мектептерді бітіріп келген 8-класстың оқушылары үйге берілген тапсырманы толық орындап, жазба жұмыстарын ойдағыдай жазды. Бірақ олар ауызша сұрақтарға жауап бере алмайды. Мұның себебі бар. Өйткені оқушылар жазба жұмыстарын жазуға баса назар аударып, сөздің айтылуына әсерлігін бағаламайды. Сондықтан орыс тілі сабағына бөлінген практикалық жұмыстарда оқушылардың сөйлеу мәдениетін көтеру баса назар аударуды басты міндеттердің бірі деп есептеймін.

Осы күнгі пайдаланылып жүрген орыс тілінің оқулықтары орыс тілін үйретудегі бұл маңызды бөлмді ұмытқан. Оған оқулықтарда оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту мақсатындағы жаттығулардың аз екендігін айтуға болады. Сол сияқты бұл оқулықтарда үйге берілетін тапсырмаларға арналған жаттығулар жеткілікті түсіндірусіз жазылған. Мұның өзі оқушыларға үйге берілген тапсырманы орындау ережелерін класта тағы бір рет түсіндіруге мәжбүр етіп жүр.

Орыс тілінің грамматикасын және оның мазмұнын түсіндіруде оны орыс тілінің әдебиет сабағымен байланыстырған өте пайдалы. Бұл үшін әдебиет сабақтарында оқушылардың ауызша сөйлеу ережесін мұқият орындауын қадағалап отыру керек.

Мен қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту жөніндегі өз тәжірибем туралы қысқаша ғана баяндап өттім. Мұның өзі тек қана орыс тілін осы әдіс арқылы өткізу керек деген ұғым бермейді. Ең алдымен сабақ оқыту творчестволықпен жүргізілуі керек. Оқытушы өз жұмысына формальді түрде қарайтын болса, сабақ беру әдісін бір формада, стандартты түрде жүргізетін болса, онда жұмыстан мардымды нәтиже де күтуге болмайды.

**М. ЕГОРОВА.**

Октябрь ауданы, Ленин орта мектебі орыс тілі пәнінің оқытушысы.

ның бірінші орынбасары Андран Хегенш, Венгрияның мемлекеттік жыйналысының председатели Шандор Ройай, Венгер Елбасқарлар партиясы Орталық Комитеті саяси бюросының мүшесі, жеңіл өнеркәсіп министрі Бела Салаи, Венгрияның сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Эндре Шик, генерал-лейтенант Геза Ревес, СССР-нің Венгриядағы елшісі сонымен бірге үкмет делегациясының мүшесі Ю. В. Андронов шекараға дейін шығарып салды.

### СОВЕТ-ПОЛЯК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

ВАРШАВА, 8 апрель. (СОТА). Поляк Халық Республикасы мен Совет Одағының арасындағы экономикалық ынтымақ жылдан-жылға нығая түсуде. Бұл ынтымақтың негізі бұдан 10 жыл бұрын екі елдің арасында достық, өзара көмек және соғыстан кейінгі ынтымақтастық туралы жасалған договор болып табылады.

Халықтық Польшада ондаған жаңа өнеркәсіп кәсіпорындары салынууда. Олардың ішінде кейбіреулерінің құрылыстары советтік жоба және техникалық документациялардың негізінде жүргізіледі. Совет Одағы Польшаның 60 ірі өнеркәсіп объектілеріне комплексті жабдық береді.

Жаңа Гуттегі В. И. Ленин атындағы металлургия комбинаты түгелдей совет жабдықтарымен жабдықталған.

Совет Одағының көмегімен «Явожно-2» жылу электр станциясы, ірі «Вежница» цемент заводы, Познаньда ауыл шаруашылығы машиналарын жасайтын завод, Пиотркувада тоқыма комбинаты және басқа да объектілер салынды.

Варшавадағы және Люблиндегі автомобиль заводтары, Варшавадағы «Жерань» жылу электр орталығы, Польшаның алюминий өнеркәсібінің тұңғышы Краков түбіндегі «Скавина» заводы, жеңіл өнеркәсіптің едәуір құрылыстары тағы басқалары кезірі советтік станоктармен және машиналармен жабдықталуда.

Екі елдің арасындағы сауда байланысы едәуір нығайып, ұлғайтыды. Польшаның сыртқы саудасында Совет Одағы бірінші орын алады.

1955 жылы өзара товар алмасу туралы жасалған протоколдың негізінде Совет Одағы Польшаға өнеркәсіп жабдықтарын, тракторлар, комбайндар, автомобильдер, подшипниктер, астық, мақта, руда, мұнай, түсті металл және елдің халық шаруашылығын өркендетуге қажетті басқа да товарларды береді. Польша өз тарапынан Совет Одағына теңіз кемелерін, темір жол составтарын, көмір, мырыш, прокат тағы басқа товарлар беретін болады.

Қытай Халық Республикасының премьер-министрі Ли Сяньшань екі ұлы премьер-министрлері кездесіп, екі елдің арасындағы достық туралы бірлескен декларацияға қол қойылған кезде бүкіл дүние жүзінің алдына қойылған болатын. Бұл ұлы бес принциптер дүние жүзінде кезірі болып отырған және барған сайын өсіп отырған шиеленісті бәсеңдетудің құралы ретінде бүкіл дүние жүзіне ұсынылған болатын. Біз кезірі бұл шиеленіске тыныш қарап отыра алмаймыз. Шиеленіс—бейбітшілік ісіне үнемі төніп отырған қатер болып табылады. Бұдан кейін Неру ханым кезіргі уақыттағы адамдарды жаппай қырып жоятын қаруларды қолданудың сұмдық зардаптары жөнінде айта келіп, миллиондаған адам өмірлерін сақтап қалу үшін елдердің арасындағы өзара қатынастардың негізіне бейбітшілікпен қатар өмір сүрудің осы бес принципін алуға шақырды.

Неру ханым мынаны атап көрсетті: конференцияға қатысушылар қарар қабылдай отырып, ең алдымен халықтардың игілігі жөнінде ойлаулары қажет және отаршылық тәртіпті оның барлық түрімен қоса жоюға жетісулері қажет. Ол делегаттарды нәсілдік және ұлттық кемсітушілікке қарсы наразылық білдіруге, Азия халықтарының тұрмыс дәрежесін арттырудың және өзара тиімділік жағдайда сауданы өркендетудің жолдарын іздестіруге шақырды. Ол делегацияларды, сонымен бірге техникалық және ғылыми білімдерді кеңінен алмасудың, өмірдің барлық салаларында да, саяси-экономикалық және мәдениет салаларында қарым-қатыс-

### ҚХР-де американо-чанкайшлік шпиондық топтың әшкереленуі

ШАНХАЙ, 7 апрель. (СОТА). «Фуцзяньбао» газетінің хабарлауына қарағанда, Фуцзянь провинциясындағы Миньхоу ерекше ауданының қоғамдық қауіпсіздік органдары американо-чанкайшлік шпиондардың бір тобын әшкереледі.

Әшкереленген қылмыстылар Қытай Халық Республикасында саяси, экономикалық және әскери хабарлар жыйнаумен

рылып, Вьетнамға ұлттық бірлікке жетуіне мүмкіншілік беретініне және шығыстағы сыяқты Батыста да достыққа қолы жететін, әсіресе соғыс жылдарына қарамастан халықтардың арасындағы достық мызғымастай болып қалған Франциямен достыққа қолы жететініне сенуге болады.

Рене Капитан сонымен бірге Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымында таяу уақытта орын алатындығына сөзіндігін айтты. Бұл, деп ағал көрсетті ол, қатар өмір сүру принциптерін мойындау болып табылады.

Корей делегациясының басшысы Пак Ден Ай былай деді: корей халқы Азиядағы соғыс қатерін болдырмаудың және халықаралық шиеленісті бәсеңдетудің құралы болып табылатын бейбітшілікпен қатар өмір сүрудің бес принципін түгелдей қуаттайды. Корей халқы, деді Пак Ден Ай, барлық Азия халықтарының ең қызу тілегі тәуелсіздік пен бостандыққа жету немесе сақтау, сонымен бірге Азияда ұзақ мерзімге бейбітшілік орнату болып табылатындығын біледі.

Жыйнағандарға корей халқының ең жақсы тілектерін айта келіп, Пак Ден Ай бейбітшілікті қорғаудың корейлік комитеті атынан Рамешвари Неру ханымға сыйлық—бейбітшілік Туын тапсырды.

Совет Одағы делегациясының басшысы Н. Тихонов Азия халықтары өкілдеріне, ұлы индия халқына совет делегациясынан және бүкіл совет халқынан қызу сәлем жолдады. Ол Азия халықтарының жалпыға бірдей бейбітшілікті қорғаудағы маңызды ролі туралы айтты. Н. Тихонов Женева кеңесінің табыстарына бұл кеңес-

айналысқан. Бұл мәліметтер Гонконгтегі шпиондық ұйымдарға жіберілген. Елдің экономикалық құрылысын арандату мақсатымен бандиттер диверсия жасаған, өртүрді арандатушылық өтірік лақаптар таратқан.

Миньхоу ерекше ауданының халық соты басты үш қылмыстыны өлім жазасына кесті.

### Гао ұлттық конгресі сессиясы делегаттарының тұтқындалуы

ЛОНДОН, 7 апрель. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Савантадиден (Индия) былай деп хабарлайды:

Прессе Траст оф Индия агенттігінің хабарлауына қарағанда, 6 апрельде кешке португалдық өкмет орындары Гао ұлттық конгресі партиясының жыл сайынғы болатын тоғызыншы съезінің елуден астам делегатын тұтқындаған. Бұл съезд Гао территориясында өткізілуіне тиіс еді. (Бұл партия Гаоның және басқа да пор-

тугалдық территорияның Индияға қосылуын жақтайды).

Агенттіктің атап көрсетуі бойынша, делегаттар енжар қарсыласу науқанына қатысушылардың Мапука қаласындағы демонстрациясына қатысқан кезде, делегаттар португал үкметі өкметтен бас тартып, оны гао халқына беруді талап ететін қарар қабылдағаннан кейін тұтқындалған.

Конференцияның делегаттары және конференцияның ашылуына қатысып отырған азаматтар—Индия астанасының тұрғындары Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы председателинің орынбасары Зияутдин Бабаханның сөзін зор ынтымақтастыққа қолы жететініне сенуге болады.

Қытай Халық Республикасы делегациясының басшысы, ҚХР Ғылым академиясының президенті Го Мо Жо өзінің сөзінде олардың ынтымақтастығын нығайту ісінде конференция Азия халықтарының арасындағы ең жақсы өзара түсіндіріліске жетуіне көмектеседі, сөйтіп халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге және Азияда бейбітшілікті сақтауға көмектесетін болады деген сенім білдірді. «Азиядағы бейбітшілік,—деді қорытындысында Го Мо Жо,—бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің кепілі, біздің ынтымақтастығымызды, бейбітшілікті қорғау ісінде зор күш болып табылады, өйткені бұл континентте біржарым миллиардқа жуық адам тұрады, мұның өзі жер шарындағы адамдардың жартысынан гөрі артырақ. Біз соғысты жеңеміз. Бейбітшілік салтанат құрады».

Монгол Халық Республикасы делегациясының басшысы Джагварал конференцияға монгол халқының ең жақсы тілектестігін айтып, Азия елдерінің өкілдері саяси сенімдер мен діни нанымдардың әртүрлі екеніне қарамастан бейбітшілік және барлық халықтардың арасындағы достық туралы мәселеде толығынан өзара түсіндіріліске жетеді деген сенім білдірді.

МХР делегатының сөзінен кейін бірінші мәжіліс жабылды.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

### ТЕАТР МЕН КИНОЛАРДА ОБЫЛЫСТЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫНДА

«ЕКІ КАПИТАН»

Ойын кешкі сағат 8-де басталады.

«УДАРНИК» кинотеатрында

«СҮЙІКТІ ДОС»

Сеанстар кешкі сағат 3, 5, 7, 9 және 11-де басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ҮМІТ»

Сеанстар кешкі сағат 5, 6-30, 8-30 және 10-да басталады.

Петропавл қаласы, Театр көшесі, 13-үйді тұрушы Александр Григорьевна Соколова Виктор Алексеевич Соколовтан айрылатыны жөнінде арыз берді. Іс Солтүстік Қазақстан облыстық сотта қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 5-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00746.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.